

Кумарова Меруерттің «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясат тиімділігінің мәселелері» диссертациялық жұмысының АҢДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси жүйесін жетілдіріп билік тармақтарының өзара ықпалдасу тиімділігін арттыруда, саяси-экономикалық, әлеуметтік саясатты үйлестіруде, азаматтық қоғам институттарын дамытуда бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы күн өткен сайын артып келеді. Мемлекеттің әлеуетін нығайту мен экономиканы дамыту мен азаматтардың өмір сапасын арттыру бағытында бұқаралық медианың орны бөлек, жауапкершілігі жоғары. Қазақ елінің медиа-қауымдастығының ұлттық мүдде тұрғысынан бірігуі, журналистердің белсенді азаматтық ұстанымы, кәсіби деңгейі мен адалдығы – ақпараттық саясаттың нәтижелі жұмысының басты шарттары.

Әлеуметтік-саяси теорияда ашық қоғамға көшу барысында өзгерістерге тап болатын мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру проблемаларына бірыңғай көзқарас қалыптаса қоймағанын атап өткен жөн. Сондықтан, зерттеуде БАҚ мемлекеттік саясаттың жүргізушісі, қоғамға әсер ететін тәуелсіз құбылыс ретінде қарастырылады. Еліміздегі азаматтық қоғамның қалыптасу кезеңіндегі БАҚ институтындағы маңызды өзгерістерді, мемлекеттің ақпараттық саясаты мен қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін іске асыру тетіктерін жетілдіру проблемаларының зерттелуі диссертация тақырыбының өзектілігін жаңа қырынан айшықтай түседі.

Зерттеу тақырыбына таңдалған тағы бір өзекті мәселе – отандық ақпарат кеңістігіндегі трансформациялық процестердің ортасында тұрған бұқаралық медианың халық пен саяси биліктің арасын жалғаушы функциясын атқару тиімділігі жайында. Еліміздің ақпарат кеңістігіндегі теңгерімнің бұзылуы ашық қоғам институттарының биліктің қызметін бақылаудан шеттетуге, мемлекеттік органдардың медиа кеңістіктегі үстемдігін арттыруы мүмкін. Мұндай жағдай елдің дамуына айтарлықтай тежеу болып, ашық қоғамды қалыптастыру процестерін қиындатады, халықтың билікке деген сенімін азайтады, әлеуметтік-экономикалық салада, сыбайлас жемқорлықпен күресте проблемалар туғызады, мәдени-рухани тұрғыда азаматтардың өмір сапасына кері әсер етеді.

Зерттеуге осы тақырыптың таңдалуы әлеуметтік-саяси теорияда ашық қоғамға көшу барысында өзгерістерге тап болатын мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру проблемаларының әлі де толық зерттелмеуі қосымша себеп болды. Бұл процестерде бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік саясатты іске асырушы, қоғамға ықпал ету әлеуеті жоғары тәуелсіз құбылыс ретінде ерекше мазмұн берілуде. Сол себепті азаматтық қоғамның қалыптасу

кезеңіндегі БАҚ саласындағы маңызды өзгерістерді, мемлекеттің ақпараттық саясатының тиімділігін, қоғамның ақпараттық саладағы әлеуетін зерттеу мен қорытынды тұжырымдар жасау зерттеу тақырыбының өзектілігін тағы да дәлелдей түседі.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты: Ашық қоғам жағдайындағы Қазақстанның медиа кеңістіктігін салыстырмалы зерттеулер тұрғысынан ақпараттық саясатты тиімді жүзеге асыру аспектілерін зерттеу. Медиа кеңістіктің заман талабына икемделуін, олардың қоғамдық санаға, БАҚ аудиториясына ықпал-әсерлерінің сипатын талдау.

Зерттеу нысаны: Ашық қоғам жағдайындағы бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық саясатты жүзеге асыру деңгейі, ақпараттық саланың дамуын басқарудың саяси теориясы мен тәжірибесінде көрінетін әлеуметтік шындықтың феномені ретіндегі ақпараттық саясат, ақпараттық саясаттың қабылдануы мен іске асыру процестері, ақпараттық саладағы түрлі институционалдық субъект идеяларының тұжырымдамалық негіздері мен нормаларының жүйесі, қоғамдық санаға бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық-психологиялық әсер ету процестері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Ашық қоғамның қалыптасуы мен дамуы процесінде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырудың негізгі аспектілері анықталды. Өңірлік және республикалық деңгейлерде бұқаралық ақпарат құралдарының ерекшелігін ашу, оларды ақпараттық кеңістікті, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуіне жағдай жасайтын ақпараттық инфрақұрылымды, әлеуметтік бақылауды дамыту мүмкіндігін қамтамасыз ету тұрғысынан аймақтық медианың бүгінгі көрінісі туралы кешенді ақпарат беретін талдау алғаш рет жасалды.

- Ашық қоғамды дамыту факторы ретінде бұқаралық ақпараттың тәуелсіздігіне негізделген ақпараттық процестерді мемлекеттік реттеудің мүмкіндіктері көрсетілді, ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясаттың қоғамның қалыптасуында басты рөл атқарса, тиімді ақпараттандыру – саяси, әлеуметтік дамудың кілті екенін дәлелдейтін ғылыми дәлелдер ұсынылды.

- Жаңа дәуірдегі Қазақстан қоғамында ақпараттық-коммуникациялық медиатехнологияларды игеру деңгейі, отандық бұқаралық ақпарат қызметіне енгізу бағыттары сараланып, ақпараттық тұрғыда басқару сипаттарын ұлттық болмысымызға бейімдеу жолдары, осы маңызды саланы ұтымды жетілдіру жолдарының мәселелері қарастырылды;

- Мемлекеттік ақпараттық саясат ұғымы мемлекеттің негізгі коммуникативті, ақпараттық және идеологиялық функцияларын іске асыру үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың ақпараттық саласындағы заңға сәйкес қажетті ресурстық қамтамасыз етуге негізделген қызмет ретінде нақтыланды.

- Ашық қоғамның маңызды ұстанымдарына сәйкес келетін ақпараттық саладағы мемлекеттік саясат, мысалы, әлеуметтік билік орталықтарының біркелкі дамуы, олардың тәуелсіздігі, заңнамалық деңгейде және билік органдарынан өз іс-әрекеттерін жүзеге асыру, азаматтардың барлық қоғамдық

маңызды мәселелерді шешуге қатысуы, азаматтардың бастамаларды талқылау процестеріне, сондай - ақ азаматтардың өздерінің белсенділігін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасауда және т.б. – белгілі бір уақыт аралығында осы қоғамның даму факторына айналатындығы дәлелденді;

- Қазақстандағы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыру үшін қазіргі құқықтық базаны жетілдіру қажеттігі анықталды. Ашық қоғамның қалыптасуы мен дамуы процесінде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар мен шаралар әзірленді.

Зерттеудің міндеттері:

- Ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық-коммуникативтік байланыстардың рөлін көрсету, БАҚ саясатының жүзеге асырылуын және бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстанда қоғамдық сананы қалыптастыруға ықпалын көрсету.

- Ақпараттық саясатты жүзеге асыру мен қалыптастыру іс-әрекетінде орын алатын басты трансформацияларды анықтау.

- Қазақстанның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруде, қоғамдық сананы қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды қарастырып, осы саланы ілгерлету жолдарын ұсыну.

- Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары кеңістігін саяси тұрғыда дамытудағы проблемалар мен перспективаларын анықтау.

- Қазақстан Республикасының медиа саясатын тиімді жүзеге асыру саласында практикалық ұсынымдар жасау.

- Ақпараттық саясаттың ұлттық және аймақтық даму деңгейіндегі мазмұнды басымдықтарын қайта қарастыру қажеттілігіне негізделген мемлекет пен қоғам арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесіндегі БАҚ-тың рөлін талдау.

- Қоғамдық-саяси процестің түрлі тараптары арасында сенімді қатынастарды орнату, биліктің, қоғамның және бұқаралық ақпарат құралдарының бірлескен іс-қимылдарының жиынтығы ретінде жаңаша ақпараттық саясатты іске асыру.

- Билік, қоғам және бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы қатынастардың қазіргі жағдайын, сондай-ақ Қазақстан аймақтарында ақпараттық саясатты жүзеге асырудың ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеудің негізгі идеясы: ашық қоғамның қалыптасуы мен дамуы процесінде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырудың негізгі аспектілерін анықтау, оны жетілдірудің жолдарын жан-жақты талдау мен негіздеу ақпараттық процестерді мемлекеттік тиімді реттеудің мүмкіндіктерін арттырады, өңірлік және республикалық БАҚ-ты дамытуға өз септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық, әдіснамалық негіздері: Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жайында жарық көрген ғылыми мақалалар, ғылыми жинақтар, монографиялар, саясаттану, журналистика, публицистика саласындағы іргелі еңбектер, интернет желісіндегі ғылыми-сараптамалық, танымдық материалдар, сұхбаттар, елдегі және шет елдегі архив құжаттары және нормативтік құжаттар, ақпараттық саясатты жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың

ресми мәліметтері мен хаттары құрайды. Зерттеу жұмысының негізіне автордың зерттеу материалдары мен жүргізген тәжірибелік жұмыстарының нәтижелері пайдаланылып, назарға алынды.

Зерттеу жұмысының әдістері: Методологиялық қағидалар, тарихи-бағдарлы, құрылымдық-функционалды, салыстырмалы және социологиялық талдаулар, теориялық зерттеулер, статистикалық мәліметтер мен контент талдау, SWOT талдау сияқты әдістер, әдебиеттер мен ресми құжаттарды сұрыптау, статистикалық құжаттарды өңдеу, республикалық және аймақтық БАҚ басқарудағы жеке іс-тәжірибе тәсілдері пайдаланылды. Жұмыстың методологиялық негізін жалпы тәжірибеде қолданылатын зерттеулердің бүгінгі заманның ғылыми технологияларына сай объективтілік принципін қамтитын теориялық пайымдаулар құрайды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Жаһандық ақпараттық қоғамның қарқынды түрде дамып, қалыптасуы қазіргі Қазақстанға ақпараттық саладағы ұлттық басымдықтарды іске асыруға мүмкіндік беретін, сондай-ақ еліміздің ашық қоғамдағы ұстанымдарын нығайтуға ықпал ететін мемлекеттік ақпараттық саясатты әзірлеу мен іске асыру мәселесін қояды. Осы идеологиялық тұрғыдан маңызды қажеттілікті ескере келе, жұмысымыздың негізгі мақсатының бірі – мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімділігіне назар аудару.

2. Қазіргі таңда БАҚ-ты дамыту мәселесі төңірегіндегі пікірталас тоқтаған емес. Түсініспеушіліктері көп және қарама-қайшылықтарға толы мемлекеттік саясат билік органдарының, мемлекеттік институттар мен БАҚ-тың өзара іс-қимылын тұжырымдамалық түсіндіру мәселесін айқындап берді. Еліміздің ақпараттық кеңістігі деформацияланған, ашық қоғам институттары көбінесе билік қызметін бақылаудан шеттетілген, мемлекет толықтай медиа кеңістікте үстемдік етеді. Осы үрдіске, олардың белгілі бір дәрежеде қазақ телевизиясының даму, өркендеу заңдылықтары мен тенденцияларының даму келешегіне көз жіберу, ғылыми болжам жасау. Жан-жақты дамушы медиа орта (мерзімді баспасөз, радио, телевизия, әлеуметтік желілер) ілкімді технологиялық құралдар мен тәсілдерді қолдану арқылы жаңа қағидалар мен идеяларды туындатқанын айқын аңғарту.

3. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асырудың бірыңғай тәсілінің болмауы, оны жетілдіру жөнінде айтылғанымен, іс жүзінде іске асырылмағандықтан мемлекеттің дамуына тежеу болады, ашық қоғамның қалыптасуы мен дамуын қиындатады, елді жаңғыртуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске толық мүмкіндік бермейді, әлеуметтік-экономикалық салада, азаматтар өмірінің рухани және адамгершілік тұрғысынан мәселелер туғызады. Бұл ретте, ашық қоғамның қалыптасуы мен дамуы процесінде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырудың негізгі аспектілерін анықтау, маңызы мен ерекшелігін нақты көрсету.

4. Әлеуметтік-саяси теорияда ашық қоғамға көшу барысында өзгерістерге тап болатын мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру проблемаларына бірыңғай көзқарас қалыптастыру. Өңірлік және республикалық деңгейлерде бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі,

оларға ақпараттық кеңістікті, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуіне жағдай жасайтын инфрақұрылым мен әлеуметтік бақылауды дамыту тұрғысынан талдау жасау, бұқаралық ақпараттың тәуелсіздігіне негізделген ақпараттық процестерді мемлекеттік реттеудің мүмкіндіктерін қарастыру.

5. Қазақстанның медиа жүйесі құрылымдық функционализм шеңберінде қаралып, бұқаралық ақпарат беру кешенінің өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі түзететін шағын жүйе формасында нақты саяси және институционалдық жағдайларда тиімді жұмыс істейтіндігін айқындау және ашық қоғамның қалыптасуы мен даму процесінде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру бойынша нақты ұсыныстар мен іс-шаралар әзірлеу. Сонымен қатар заманауи бұқаралық ақпарат құралдары қоғам дамуының негізі болатындығы туралы ғылыми тұжырым жасаймыз.

Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығы: Диссертацияда кешенді түрде қамтылған мәселелер, ондағы жинақталған деректік мәліметтер, зерттеу жұмысындағы қорытынды мен ұсыныстар, қоғамдағы ақпараттық процестер мәселелері бойынша оқу курстарын дайындауда, медиа және қазіргі журналистиканың даму үдерісі тұрасында ақпарат алғысы келетін көпшілік қауым үшін, оқулық немесе ғылыми, қоғамдық-саяси басылымдарға дереккөз ретінде қолдануға мүмкіндік береді. БАҚ саласындағы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырудың проблемалары мен перспективаларын көрсететін материалды мемлекеттік басқару тәжірибесінде, қазіргі заманғы медианың модернизация процестерін болжауда қолдануға болады. Алынған нәтижелер «билік – БАҚ – қоғам» үшбұрышындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құжаттарды әзірлеу, септігін тигізеді.

Жарияланымдар:

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша 8 ғылыми мақала жарық көрді, оның ішінде ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3, Scopus халықаралық ақпараттық базасына кіретін шет елдік басылымында – 2, Халықаралық және республикалық деңгейде ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинақтарында – 3 мақала басылып шықты. Диссертация Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика факультетінде дайындалды.